

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Токтарбаев А.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанда экономиканың негізгі үш алға тартар бағыты болды: мұнай, қаржы және құрылыс секторлары. Еліміз дамыған отыз елдің қатарына енуі үшін экономиканы әртараптандыру қажет. Ал ауылшаруашылығының жаңа драйвер болуға барлық мүмкіндіктері бар, өйткені бізде бірқатар бәсекелестік артықшылықтар бар: үлкен аумақ, су ресурстарының қол жетімділігі, арзан жұмыс күші, ауыл тұрғындарының көп бөлігі, Қытай мен Ресей Федерациясы сияқты алып сату нарықтарына жақындық және тағы басқалар.

Қазақстан - агроөнеркәсіптік ел болғандықтан ауыл шаруашылығы халықтың негізгі бөлігінің өмірлік белсенділік саласы болып табылады. Бүгінгі таңда халықтың қырық үш пайызы ауылдық жерлерде тұрады, ал ауылшаруашылық өндірісінің даму деңгейі көбінесе осында жұмыс істейтіндердің ғана емес, сонымен қатар осы нарықпен белгілі бір түрде байланысты адамдардың да өмір сүру деңгейін анықтайды. Қазақстандықтардың көпшілігінің әл-ауқаты ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейімен тығыз байланысты. Қазақстан - әлемдегі ірі астық өндіруші елдердің бірі. Астық өсіретін аудандарда негізінен құрамында глютені жоғары және қатты бидай сорттары өсіріледі, дәл осындай бидай әлемдік нарықта үлкен сұранысқа ие. Дәнді дақылдарды егу барлығы он сегіз миллион гектар алқапты қамтиды, оның он екі миллион гектары бидайға бөлінген, оның жалпы өнімі 600000 тоннаны құрайды.

Еліміздің астығы жоғары сапа көрсеткіштерінің арқасында әлемдік нарықта танылған отандық агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі экспорттық тауары. Қазақстан бидай өндіретін жетекші 15 елдің қатарына кіреді, олардың жалпы өндірісі бүкіл әлемдегі бидай өндірісінің шамамен 90% құрайды. Қазақстанның үлесі әр жылдарда өнімділікке байланысты 1,8% -дан 2% -ға дейінгі деңгейде


болған. Ішкі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандырғандықтан Қазақстан бүгінде бидайды экспорттауда әлемдегі ең ірі елдердің бірі болып табылады (ол бидай экспорты бойынша әлемдегі үздік 10 елдің қатарына кіреді).

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері бойынша 2020 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқабы 22,7 млн.га құрады, соның ішінде ауыл шаруашылық кәсіпорындарында – 13,5 млн.га, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтарында - 9 млн.га, жұртшылық шаруашылығында – 0,2 млн.га. Барлық егістік алқабтан дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдармен 15,9 млн. га немесе 70% себілген, азықтық дақылдармен – 3,3 млн.га немесе 14,5%, майлы дақылдармен – 2,9 млн.га немесе 12,8%, көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілермен – 0,5 млн.га немесе 2,1%.

Дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақты дақылдардың негізгі бөлігі Ақмола – 4,5 млн.га (28,1%), Қостанай – 4 млн.га (25,5%), Солтүстік Қазақстан облысына – 3 млн.га (18,8%) келеді. Азықтық дақылдардың негізгі бөлігі Қостанай – 0,6 млн.га (17,1%), Ақмола – 0,4 млн.га (10,6%), Солтүстік Қазақстан – 0,4 млн.га (10,5%), Павлодар облысына – 0,3 млн.га (9%) келеді.

Майлы дақылдардың негізгі бөлігі Солтүстік Қазақстан – 0,9 млн.га (31,8%), Қостанай – 0,6 млн.га (22,1%) келеді, Шығыс Қазақстан облысына – 0,4 млн.га (15,4%). Көкөністер және бақша дақылдары, тамыр жемістілер және түйнек жемістілердің негізгі бөлігі Түркістан – 120,5 мың га (25,2%), Алматы – 93,3 мың га (19,5%), Жамбыл облысына – 69,8 мың га (14,6%) келеді[1].

2020 жыл әлі аяқталмағандықтан, талдауға ауыл шаруашылығының жалпы шығарылымы туралы 2015-2019 жылғы деректер алынды (1-сурет).



Сурет 1. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы

Ескерту – [1] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған

2-суреттен 2015-2019 жылдары аралығында әр жыл сайын өсімдік шаруашылығында да, мал шаруашылығында да жалпы өнім көлемі артқанын байқауға болады. Сәйкесінше ауыл шаруашылығының жалпы шығарылымы да ұлғайған. 2020 жылғы қаңтар-қыркүйекте тұтастай республика бойынша ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 4 417,9 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті кезеңінің деңгейінен 5%-ға жоғары.

Қазіргі уақытта мемлекет Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы арқылы ауыл шаруашылығында қызмет ететін кәсіпорындарға көмек көрсетуде.

Бұл бағдарлама оның ізашары «Агробизнес-2020» бағдарламасына қарағанда ауыл шаруашылығы саласына айтарлықтай жақсы әсер етіп жатыр. Еңбек өнімділігі жыл сайын ұлғайып 2,1 млн теңгеге дейін жетті. Инвестиция көлемі артып келеді, өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі артып 2019 жылы 1,3 млн. \$ жетіп, жоспарлы деңгейден асып кеткен. Бірақ бұл бағдарламаның кемшіліктері де бар, мысалы, бағдарламаның көмегі туралы тек ірі кәсіпорындар ғана біліп пайдаланады. Шағын шаруашылық қожалықтары жеткіліксіз акпараттануы әсерінен мемлекеттің өздеріне қажетті беретін мүмкіндіктері туралы білмей қалып жатыр. Соның әсерінен бюджеттен бөлінген біраз қаржы игерілмей жатыр, сәйкесінше ауыл шаруашылығы саласының даму қарқыны жоспардағыдай жылдам емес. Ең басты кемшілігі мемлекет осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жұмсалған қаражат салық ретінде қайтып келетін қаражаттан бірнеше есе артық. Яғни, бұл мемлекет үшін әлеуметтік бағытын ескермесек, қаржы тұрғысынан өте тиімсіз.

Кесте 1

ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының нысаналы индикаторлары

Көрсеткіштер	өлшем бірлігі	2015 нақты	2017	2018	2019	2020	2021
Еңбек өнімділігі индексі	%	100	109	118	196	228	267
Өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) нақты көлем индексі	%	100	108	113	154,2	170,5	190,2
Негізгі капиталға салынған инвестициялардың нақты көлем индексі	%	100	159	185	304	395,3	516
Азық-түлік тауарлары импортының көлемі	млн. \$	2511	2466	2377	2288	2196	2105
Өңделген ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі	млн. \$	945,1	1081	1150	1270	1650	2400
Ескерту – [2] дерек көзі негізінде автормен құрастырылған							

Жоғарыда аталған мәселелерді шешудің, Қазақстанды әлемдегі ірі агродержаваға айналдырудың жолы ретінде «Болашақтың сәулетшілері» жобасын қарастыруға болады. Бұл жобаның авторы Қазақстандық кәсіпкер Марат Абиев бастаған TDFA қоры.

TDFA қызметінің негізгі бағыты - әлемде бірінші болып, Қазақстан аумағында тік интеграция мен тік координацияны бірге қолданатын жаңа аграрлық модельді енгізіп, ауыл шаруашылығын жүргізу. Бұл жүйеде 5000 млн гектар егістік жері 1000 тиімді менеджер тең көлемде бөлініп, олардың иелігіне беріледі. Ал агротехника 200 МТС тиімді менеджердің меншігінде болады. 1200 тиімді менеджер 30000 астам адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді. Бұл жобаның жағымды мультипликативті әсері 7 млн. адамды қамтиды. Бұл жобада тек қана ауыл шаруашылығын ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік салаларды да қамтып қазақстандықтардың өмір сүру деңгейі мен әл ауқатын арттыру көзделеді. Жобаның негізгі стратегиялық миссиялары мен мақсаты:

- Бұл жоба экономикалық өсу, әлем бойынша аштықты жою және лайықты жұмыс сияқты БҰҰ 17 тұрақты даму мақсаттарының 16 шешеді;

- Қордың жабық 12 бөліктен тұратын жабық экожүйесін құру арқылы ауыл шаруашылығы саласында қызмет ететін кәсіпорындардың ашық және тиімді қызметін қамтамасыз ету;

- Әр ауылда заманауи мектеп, балабақша, аурухана салып 100 ауылды қалалардағыдай өмір сүру деңгейімен дамыту;

- Қазақстан Республикасының және астық импорттаушы елдердің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту [3].

Барлығымыз білетіндей, Канада ауыл шаруашылығы саласы бойынша әлемдегі ең ірі елдердің бірі. Олар әр жыл сайын селекция арқылы өнімділігі жоғары астық шығару үшін қомақты қаржы жұмсайды және ұзақ жылдар бойы жақсы жетістіктерге жетіп келе жатыр. Жобаның авторлары ағымдағы жылдың көктемінде БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы ФАО-ның қолдауымен сол жоғары өнімді дақылдардың 12 түрін сатып алып келіп, «Акмола Феникс» АҚ, «АФ Родина» ЖШС және «СК Агро 2050» ЖШС шаруашылықтарының жерінде септі. Биылғы 2020 жылы құрғақшылық байқалғандықтан Қазақстан бойынша ауыл шаруашылығының өнімділігі мақтанарлық болған жоқ. Мысалы, бидайдың өнімділігі 1 гектарға 8-10 ц болған, ал Канадалық тұқымдар 1 гектардан 35 ц жоғары сапалы бидай шығарған. Бұл дегеніміз, Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа бағыттарын ашады.

Бұл жобаны жүзеге асыру үшін 5 млн. гектар жер және 7 млрд. \$ қажет. Жобаның авторлары мемлекеттік бюджеттен ақшаны жұмсамас үшін шетелдік инвесторлармен келісіп, қажетті қағаздарға қол қойған және олар жобаға барлық 7 млрд \$ салуға дайын. Оның 3 млрд \$ ауыл шаруашылығы техникасын сатып алып, 200 тиімді менеджерге бөлуге жұмсалады. МТС-ке арналған агро техниканы таңдау кезінде, John Deere, Claas, Case, New Holland, Buhler секілді әлемдік жетекші шығарушылардың пайдасына таңдау жасалды, бұл 2400 егістік кешендері, 3400 трактор, 4200 комбайн, 6000 жүк машиналары және көптеген

басқада техникалар Инвесторларға деген тиімділікті келесі көрсеткіштер арқылы дәлелдеуге болады:

- NPV = 1,6 млрд \$,
- IRR = 18%,
- Өтелу мерзімі 5 жыл.

Жобаның экожүйесі 12 бірін-бірі толықтыратын бөліктен тұрады:

• *Ауыл 2.0. - Ауылды тұрақты дамыту бағдарламасы.* Осы бағдарлама арқылы 100 ауылды аурухана, мектеп, балабақша салу арқылы дамыту ойластырылған. Жоспар бойынша егістіктің әрбір 50 мың гектарына 1 ауыл салу жоспарланған. Әрбір ауылда 12 Тиімді менеджер мен олардың 300 дей қызметкерлері болады.

• *Агро Инвест Банк (АИБ).* Қордың, тиімді менеджерлердің қызметіне қатысты барлық қаржылық операциялар осы банктің көмегімен жүзеге асады.

• *Сатып алу орталығы.* Білім орталығының зерттеулері мен талдауларының арқасында алынған ақпараттарды ескере отырып қажетті тауарлардың жалпы қорын қамтамасыз етеді. Ол тиімді менеджерлер қызметі үшін қажетті жанармайлар, химиялық тыңайтқыштар, қосалқы бөлшектер сияқты айналым қорларымен жарақтандырады.

• *Кен орны мен Зауыт.* Бұл зауыт Фондтың аммофос, сульфоаммофос және фосфор ұны сияқты минералды тыңайтқыштарға деген қажеттілігін жабады.

• *МТС.* Машина-трактор станциясын басқаратын 200 тиімді менеджерлер кластері құрылады.

• *Әлемдік Азық-түлік банкі.* Қазақстанда 50 млн. тонна көлемінде түрлі дақылдарды сақтайтын 250 элеватор салу ұсынылады.

• *Астық Банкі.* 1200 мың тонна әртүрлі астық дақылдарын тазарту, кептіру, сақтау үшін салынатын арнайы зауыт.

• *Сақтандыру қоры.* Астықпен бірге барлық техника және мал сақтандырылады. Сақтандыру фондының негізгі артықшылығы, ол коммерциялық емес, резервтік болып табылатындығы.

• *Сауда үйі.* Тиімді менеджермен фьючерстік келісімшарт арқылы және SWAP операциялар арқылы, Чикаго биржасының баға ұсыныстары бойынша өсірілген өнімнің кепілдендірілген сатылымын қамтамасыз етеді.

• *Университет.* Тиімді менеджерлер мен олардың қызметкерлері жақсы нәтижелерге қол жеткізуі үшін әлемдегі жетекші аграрлық университеттерден заманауи білімді ала алатын интернет-платформа.

• *Білім орталығы.* Білім орталығы үнемі зерттеулер жүргізу арқылы тиімді менеджерлерге қажетті ақпаратты беріп отырады. Сондықтан оларға көмектесу үшін тәулік бойы жұмыс істейтін диспетчерлік орталық құрылады.

• *Байланыс, ғаламтор және инновация.* 5 млн. гектар жердің қамту аймағын интернетпен 100 % қамтамасыз ету үшін, 4G технологиясы бар 50 базалық станция орналастыру қажет.

«Болашақтың сәулетшілері» жобасы ауыл шаруашылығын дамытып қана қоймай, Қазақстан Республикасының экономикасын пандемия кесірінен болған дағдарыстан шығарады, халықтың әл-ауқатын арттырады, азық-түлікке

қолжетімділік артады, 1200 тиімді менеджерді мультимиллионер атанады, еліміз әлемдік нарықта ірі ойыншыларға айналады. Қазақстанның ауыл шаруашылығының ағымдағы жағдайын және жоғарыда айтылған жобаны талдай отырып, ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттен тәуелсіз ірі жобаның жүзеге асуы халық үшін де, мемлекет үшін де пайдалы болатын дамудың жаңа бағыты деп қорытындылай аламын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті: <https://stat.gov.kz/>
2. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000423>
3. TDFA қорының ресми сайты: <https://tdfa.kz/>